

**Шуриева Айслу Бауржановнаның
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналар»
тақырыбындағы диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Халықтың шығармашылық өнері болып табылатын фольклор өмірдің өзі секілді даму, жетілу үстінде. Қазіргі таңда фольклортану ғылымы басқа да гуманитарлық саладағы ғылымдармен өрелесе дамып, жаңа жанрлық түрлері ғылыми айналымға ене бастады. Сондай жанрдың бірі – топонимдік фольклор жанры. Фольклор мен топонимиканың өзара тығыз байланысынан келіп туындаған бұл жанрдың әлемдік ғылым, мәдениет, өнер айдынанда көтерер жүгі комақты. Осы топонимдік фольклор жанрның іргелі салалары – топонимдік аңыздар мен әпсаналар. Аңыз бен әпсана әлем халықтарының қай-қайсысында да бар жанрлық түрлер. Қандай да бір елде болмасын болып өткен тарихи оқиғалар, әртүрлі соғыс-қақтығыстар мен жаугершілік әрекеттер, халықтардың миграциясы, табигат құбылыстары, белгілі тарихи тұлғаларға байланысты оқиғалар, басқа да ел есінде қалған жағдаяттар аңыз, әпсана түрінде сақталады. Мұндай топонимдік аңыздар мен әпсаналардың халықтардың өткен өмір тарихынан, әлеуметтік тұрмысынан, айнала қоршаған орта, табигат туралы түсінігінен, мәдени-әстетикалық танымынан берер мәліметтері мол. Сондықтан бұл тақырыпты жан-жақты ашу үшін және ортақ негіздерін табу үшін әртүрлі халықтардың топонимдік аңыздары мен әпсаналарын бірлікте алып зерттеген жөн. Сол себепті біз Еуразия кеңістігіндегі Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстан секілді елдердің топонимдік аңыз, әпсаналарын зерттеуге алып отырмыз. Салыстырмалы талдау жүргізу үшін де, халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықтарды, танымдық-әстетикалық негіздердің бірлігін анықтау үшін де мұндай зерттеудің мәні зор деп білеміз.

Тақырыптың өзектілігі. Жер бетіндегі әрбір халықтың өзінің ұлттық рухани дүниесін көрсететін танымдық белгілері бар. Еуразия кеңістігінде өмір сүріп келе жатырган халықтардың рухани жан дүниесін танытатын сондай бірегей белгілері олардың аңыздары мен әпсаналары арқылы айқындық табады. Себебі, халықтардың қоршаған әлемді танып, білуі, табигаттың әртүрлі құбылыстарын ұғынуы, өмірден тоқыған тәжірибелері, нағым-сенімдері, мифологиялық түсініктері осы аңыздар мен әпсаналар құрамында сақталып, кейінгі ұрпаққа жетіп отыр. Бұл аңыздар мен әпсаналардың ішінде жер-суға қатысты айтылған түрлерінің мәні ерекше. Себебі жер-су атаулары қай халықтың болмасын тарихи санасынан хабар береді. Өйткені жер-су халық үшін кіндік кесіп, кір жуған туган жер, атамекен, отан ұғымының байырғы атауы. Жер-су уақыт пен кеңістік аясында адамзаттың жер бетінде қалдырыған өмір таңбалары, топонимдік арқылы танылатын тарихи таным куәгерлері. Сондықтан әрбір топонимнің астарында кодталған тарихи шындық жатады. Бұл

атаулардың бойында белгілі бір этностың танымы, қоршаған ортага қатынасы, өздері өмір сүріп отырған кеңістік бөлігінде болып өткен неше түрлі тарихи оқиғалардың іздері сақталып отырады және сонымен бірге олар азыздар мен әпсаналардың туындауына өзек болады. Сондықтан топонимдік азыздар мен әпсаналарды, оның поэтикасын зерттеу фольклордың синкреттілік сипатын, халықтың өткен өмірін, дүниеге көзқарасын, наным сенімдерін, табиғатқа қатысын және басқа мәдени, тарихи, әлеуметтік тіршілік-тынысын зерттеуге мүмкіндік береді. Топонимдік азыздар мен әпсаналар халықтың рухани мұрасы және өткен өмір шежіресі болатындей мәнге ие, біздің зерттеуміздің өзектілігі де осында.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік азыздар мен әпсаналарды зерттеудің әдіснамалық негіздері фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография, этнология, лингвистика және философия сияқтығылыми пәндердің теориялық және тұжырымдамалық тәсілдерін қолдануға негізделген. Осы ретте фольклор мен топонимиканың өзара тығыз байланысын зерттеген, фольклортанушылық тұрғыда әр елдің фольклоры мен мифологиясын талдаған академик С.А. Қасқабасовтың, топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін алғаш зерттеген А.Ш. Пангеревтің еңбектері негізгі әдіснамалық басшылыққа алынды. Сонымен бірге топонимдік аныз, әпсаналардың тарихи мәдени және әлеуметтік құбылыстарға әсері символикалық белгілері, этнографиялық маңызы туралы айтқан шетелдік ғалымдар Арнольд Тойнби, Карл Ясперс, Эдвард Сапир, Бенджамин Уорф, Сапир-Уорф, Клод Леви-Стросс, Виктор Тернер, Михаил Бахтиннің еңбектері де әдіснамалық бағдарға алынды.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік азыздар мен әпсаналардың генезисін, типологиясын, поэтикасын зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік азыздар мен әпсаналарды зерттеудің теориялық негіздерінің ғылыми тұжырымын жасау; олардың халықтың дүниетанымын, кеңістікке қатыстылығын және тарихи жадын бейнелейтін ұлттық-танымдық құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін көрсету;
2. Еуразия кеңістігінде топонимдік фольклордың аныз, әпсана жанрларының шығу тегін, бұл жанрлардың әр елде қолданысқа түскендегі типологиялық белгілерін, поэтикасын зерттеу;
3. Еуразия кеңістігінде топонимдік азыздар мен әпсаналардың пайда болып, халық арасында қолданысқа түсінің негізгі мотивтерін анықтау. Аныз, әпсанаға өзек болатын тарихи оқиғалар, табиғат құбылыстары, көші-қон, миграция, жаугершілік соғыстар сияқты себептіліктерді саралау;
4. Топонимдік аныз, әпсаналардың танымдық, ақпараттық, мекендік және эстетикалық функцияларын анықтау. Оларды әр елдің этникалық ерекшелігіне байланысты салыстыра отыра талдау;
5. Топонимдік азыздар мен әпсаналарды зерттеудің жаңа парадигмаларын негіздеу. Топонимдік нарративтерді пәнаралық тұрғыдан қарастырып, оларды фольклортану ғылымында жаңа бағыттар мен зерттеу тәсілдерін қалыптастыру;

6. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың рухани мұра ретіндегі қызметтің зерттеу, олардың Еуразия халықтарының тарихи санасын жаңғыртудағы, сақтаудағы рөлін анықтау; топонимдік аңыздар мен әпсаналардың ұрпақтан-ұрпаққа берідетін танымдық, тәрбиелік және мәдени код ретіндегі қызметтің зерттеу;

7. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың поэтикасын зерттеуде қолданылатын көркемдік әдістер мен құралдардың атқаратын функциясын саралау; топонимдік аңыздар мен әпсаналардағы бейнелеу тәсілдері, мифтік образдар мен символдардың қолданылу ерекшеліктерін зерделеу.

Зерттеу нысаны. Еуразия кеңістігіндегі Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстанның топонимдік аңыздары мен әпсаналары.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыста Еуразия кеңістігіндегі халықтардың фольклоры, соның ішінде топонимдік аңыздар мен топонимдік әпсана жанрлары негізге алынды. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық, таяу және алыс шетел ғалымдарының теориялық еңбектері, фольклорлық жинақтарға енген аңыз, әпсана, мифтік сюжеттер пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмысты орындау барысында тарихисалыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, талдау, саралау, жүйелеу, жинақтау, кросс-мәдени түргыда талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Еуразия кеңістігіндегі (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстан) топонимдік аңыздар мен әпсаналарға алғаш рет жан-жақты зерттеу жүргізілді.

2. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасы және таралу ареалы зерттелді.

3. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың атқаратын танымдық, ақпараттық, мекендік, эстетикалық функциялары анықталды.

4. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың туындауына әсер ететін ортақ мотивтер айқындалды.

5. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың халықтардың этникалық ерекшелігіне байланысты орындалу қызметті дәйектелді.

6. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз, әпсаналардың поэтикасы алғаш рет салыстырмалы талдау арқылы зерттелінді.

Зерттеудің теориялық мәні. Зерттеу Еуразия халықтарының фольклоры, оның ішінде топонимдік фольклордың аңыз, әпсана жанрларын ғылыми айналымға енгізіп, бұл елдердегі қолданыс аясын айқындалап және халықтардың мәдени ықпалдастыры туралы теориялық түсінікті кеңейтеді. Жұмыс топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халық шығармашылық өнерінің озық үлгісі ретінде қарастыра отырып, олардың танымдық, ақпараттық, мекендік, эстетикалық, қырларын жан-жақты ашады. Сонымен бірге халықтың тарихи санасында сақталған топонимдердің этнографиямен, халықтың тіл эстетикасымен тығыз байланыстыры туралы жаңа мәліметтер береді. Этнографиялық материалдарды талдау Еуразия халықтарының жер

атауларымен байланысты мәдени дәстүрлөрі мен әдет-ғұрыптарын тереңірек түсінуге жол ашады. Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыздар мен әпсаналарды салыстырмалы тұрғыда талдау тақырыптың теориялық тұрғыдағы маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижелерін білім беру мекемелерінде, оқу орындарында фольклортану, тарих, мәдениеттану, этнография және лингвистика бойынша курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалануға болады. Бұл білім алушыларға топонимдік аңыздар мен әпсаналар, олардың мәдени және тарихи маңызы туралы терең білім алуға мүмкіндік береді. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу Еуразия аймақтарының мәдени мұрасын насиҳаттауға бағытталған жаңа туристік маршруттар мен мәдени жобаларды құруға да ықпал етуі мүмкін. Зерттеу негізінде топонимдік аңыздар мен әпсаналарды халық жадында сактау және ел ішінде насиҳаттау үшін ұсыныстар мен әдістер жасауға болады. Зерттеу нәтижелерін өлкетануға, қоршаған ортаны тануға байланысты халықаралық жобалар мен бағдарламаларға пайдалануға болады. Бұл әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Зерттеудің ғылыми пәндердің дамуына және жаңа пәнаралық зерттеулер жүргізуге ықпал ету мүмкіндігі де бар.

Корғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Еуразияның әртүрлі аймақтарында (Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстан) қалыптасқан топонимдік аңыздар мен әпсаналар халықтардың кеңістікке деген ерекше көзқарасы мен тарихи-этникалық болмысын көрсететін бірегей фольклорлық феномен болып табылады. Осы ретте Еуразия кеңістігіндегі топонимдік аңыз берілген топонимдік әпсананы зерттеудің теориялық алғышарттары жасалу тиіс.

2. Топонимдік аңыздар мен әпсаналардың генезисі, типологиясы, поэтикасының зерттелуі және танымдық, мекендік, ақпараттық және эстетикалық қызметтерінің анықталуы, қазіргі заманғы фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеу арнасы болып табылады.

3. Әр елдің топонимдік аңыз, әпсаналарында орын алғатын мифологиялық, тарихи-мәдени және этнографиялық мотивтер ұлттық мәдениеттің қалыптасуына және кеңістіктің киелі бейнесін жасауда маңызды рөл атқарады. Өз кезегінде бұл аңыз, әпсаналардың ұқсас құрылымдық және аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарды зерттеу фольклортану, топонимика, этнография, география, тарих, лингвистика сияқты бірнеше пәндердің тоғысында қарастырылады. Осылайша зерттеу негізінде Еуразия кеңістігі халықтарының дүниетанымы, поэтикалық зердесі, табиғатқа көзқарасы, қоршаған ортаға, кеңістікке берер бағасы айқындалады.

5. Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстанның топонимдік аңыздары мен әпсаналарын олардың этникалық ерекшеліктерін ескере отырып салыстырмалы талдау жаңа танымдық дүниелерді ашады және Еуразия кеңістігіндегі мәдени байланыстар мен ықпалдастықтарды арттырады.

Зерттеудің жарияланымы мен макулдануы. Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала жарияланды.

Оның ішінде индекстелген Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 2 мақала:

1. Epic toponyms as carriers of a linguocultural code.eurasian journal of applied linguistics (2023), 9(1), 13-23. Doi:<http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002> <https://ejal.info/menucript/index.php/ejal/article/view/440/119>

2. Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara". XLinguae, Volume 17 Issue 2, April 2024, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.02

КР ФЖБМ Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:

1. Топонимический фольклор как жанр устного народного творчества. "Keruen" scientific journal №3, 84 vol, 2024 ISSN: 2078-8134 | ELSSN: 2790-7066. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-15>

2. Toponymic folklore researches in the Eurasian space. "Keruen" scientific journal No1, 86 vol, 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-12>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Особенности топонимического фольклора тюркской цивилизации. «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабактастық» атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің баспа орталығы, 2023. – б. 71-73. <https://wkitu.kz/wp-content/uploads/2024/02/konf-so-y-var-24.1123.pdf>

2. Топонимические легенды как культурное наследие тюркских народов. Қ.Қ.Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті, 2024. –306-309 б.

3. Heroic epic of the peoples of central asia and southern siberia. «Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух» атты Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті, 2024. –118-121 б.

4. Түркі халықтарының аныздары мен дәстүрлеріндегі топонимдердің орны. «Түркі әлеміне жаңа көзқарас». (Türk Dünyasına Genç Bakış) атты халықаралық симпозиумы, 25-26 сәуір, 2024. Турция, Анкара.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, іштей тарауларға белінген екі белімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Отандық ғылыми кенесші,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе

өнірлік университетінің профессоры,

филология ғылымдарының докторы

